

Астрахан ауданы білім бөлімінің тәрбие ісі бойынша әдіскерінің 2025-2026 оқу жылының 2 тоқсанында өткізілген іс-шаралар бойынша есебі.

2025 жылғы 28 қараша күні «Мәңгілік жаса қыран елі - Қазақстаным» сахналанған ән мен сахналанған өлең қашықтық байқауының аудандық кезеңі өтті.

Байқауға Астрахан ауданының 11 білім беру ұйымынан 15 оқушы қатысты.

2 номинация бойынша жұмыстар қаралды:

Сахналанған өлең;

Сахналанған ән;

Мақсаты: ұлттық шығармашылық мұраны, көркемдік көріністің әртүрлілігін және Қазақстан Республикасының мәдени бірегейлігін ілгерілету. Тарихи және мәдени құндылықтарды сақтауға және насихаттауға, сондай-ақ аймақтағы музыкалық және театрлық өнерді дамытуға ықпал ету.

Қазылар алқасының шешімі бойынша келесі жеңімпаздар анықталды:

Сахналанған өлең номинациясы бойынша:

1 орын - Гирш Карина, «Камышенка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы;

2 орын - Герман Альбина, «Астрахан ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы;

3 орын - Амамбай Амина, «Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы;

Сахналанған ән номинациясы бойынша:

1 орын - Темербеков Нурсултан, «Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы;

2 орын - Асылбекова Айым, Мұратбек Арайлым, Мұратбек Аяулым, Кенесов Ерзат - «Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушылары;

3 орын - Қанат Еркежан Есенгелдіқызы, Наурызбаева Айзере Кенжеболатовна - «Жарсуат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушылары;

Жеңімпаздар Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің дипломдарымен марапатталып, барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды. Әр номинация бойынша 1 орынға ие болған қатысушылар байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды.

"Зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні" акциясын өткізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

«Жұлдызды сәт» аудандық көпжанрлы таланттар байқауы 2025 жылдың 2 желтоқсан күні аудандық мәдениет үйінде сағат 10:00-де жоғары деңгейде өтті. Байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық әлеуетін анықтау, олардың өнерге деген қызығушылығын арттыру және жас таланттарды қолдау.

Биылғы байқауға аудан мектептерінен жалпы 29 өнер нөмірі ұсынылды. Іс-шараға барлық білім беру ұйымдары белсенді түрде қатысып, оқушылар өздерінің қабілеттерін түрлі жанрларда паш етті. Қатысушылар вокал, аспапта

ойнау, би және басқа да өнер бағыттары бойынша шығармашылық шеберліктерін көрсетіп, көрермендерге мазмұны бай, әсерлі нөмірлер ұсынды. Қазылар алқасы бағалау барысында әр қатысушының дайындық деңгейіне, орындау сапасына, сахна мәдениетіне және көркемдік ерекшеліктеріне баса назар аударды. Барлық қатысушылардың жоғары дайындықпен келгені атап өтілді. Нәтижесінде, финалдық кезеңге 20 үздік нөмір іріктелді.

2025 жылғы 3 желтоқсан күні “Камышенка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің базасында құндылыққа негізделген тәрбие бойынша аудандық семинар өтті.

Мақсаты: “Адал Азамат” бағдарламасын мектеп тәжірибесіне енгізу және жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану арқылы мұғалімдердің жұмыс тәжірибесімен бөлісу.

Семинар барысында:

— Мектеп директоры Н.Ковальчук және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Адамская бағдарлама бағыттары бойынша презентация ұсынды.

— Мұғалімдер сабақтар, сынып сағаттары мен шеберлік сабақтары арқылы өз тәжірибесін таныстырды.

— Әкелер клубының қатысуымен “Батырлар байқауы” спорттық шарасы өтті.

— Мектеп психологі Ю.Ковальчук тренинг жүргізді.

2025 жылдың 4 желтоқсанында Ақмола облысы білім басқармасына қарасты «Bolashaq Saraıy» ШЖҚ МКК-нің 5 жылдық мерейтойы аясында “Бес қанат – бір мақсат: қосымша білімнің жаңа кезеңі” атты аймақтық WORKSHOP өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қосымша білім беру саласының қазіргі жағдайын талдау, өзекті мәселелерді талқылау, озық тәжірибелермен алмасу, тиімді даму стратегияларын айқындау, сондай-ақ заманауи жетістіктерді тарату болды. Workshop жұмысына ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, аймақтық және облыстық қосымша білім беру ұйымдарының басшылары, білім басқармасының басшысы, балаларға қосымша білім берудің Еуразиялық қауымдастығының мүшелері қатысты.

2025 жылдың 12 желтоқсан күні «Первомай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында рухани-адамгершілік тәрбие берудегі жаңа тәсілдер тақырыбында аудандық семинар өтті.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру жолдарын жетілдіру, жаңа әдіс-тәсілдермен тәжірибе алмасу, сондай-ақ білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру.

Семинар барысында мектеп мұғалімдері мен қонақтар ашық сабақтар мен шеберлік сағаттарына қатысып, өзара тәжірибе алмасты. Сонымен қатар, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырудың тиімді үлгілері мен әдістері ұсынылды.

2025 жылғы 10 желтоқсан күні талантты және жарқын орындаушыларды анықтау, қолдау және дамыту, олардың шығармашылық әлеуетін ашу, балалардың эстетикалық тәрбиесін жетілдіру және балалардың көркем шығармашылығына жәрдемдесу мақсатында «Жұлдызды сәт»

көпжанрлы байқауы өтті.

Финалдық кезеңде үздік деп танылған 19 білім ұйымының қатысушылары өнер көрсетті.

Іс-шара жас орындаушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашып, таланттарын танытуға зор мүмкіндік берді.

Тәуелсіздік күніне орай іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы конкурс жарияланды.

Білім беру ұйымдары бойынша жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізуін қадағалау.

2025 жылдың 24-25 желтоқсан күндері Көкшетау қаласында Қазақстан Республикасының Президенті атынан ұйымдастырылған дәстүрлі Жаңа жылдық шырша мерекесі өтті. Аталған мерекелік шараға Астрахан ауданынан 6 оқушы қатысып, ерекше әсер мен көтеріңкі көңіл күйге бөленді.

Балалар үшін мазмұнды да қызықты мерекелік бағдарлама ұйымдастырылып, ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен қойылымдар көрсетілді, ойын-сауық шаралары өткізілді.

Жаңа жыл қарсаңында оқушыларды Ақмола облысының әкімі Марат Мұратұлы Ахметжанов арнайы құттықтап, жылы лебізін білдіріп, балаларға шаттық пен қуаныш сыйлады. Бұл мереке оқушылар үшін ұмытылмас сәттерге толы болды.

2025 жылғы 25 желтоқсанда Астраханка ауылының аудандық Мәдениет үйінде Астрахан ауданының әкімі атынан мерекелік шырша өтті. Іс-шараға әртүрлі ауыл мектептерінен 60 бала қатысты.

Аудан әкімі Ерсейітов Талғат Аманбайұлы жиналғандарды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, денсаулық, бақыт және оқу мен шығармашылықта жаңа жетістіктер тіледі. Балаларға тәттілер мен жұмсақ ойыншықтар табыстады. Қонақтар үшін шығармашылық ұжымдардың өнер көрсетуімен, байқаулармен, ойындармен және тосынсыйлармен мерекелік бағдарлама дайындалды. Іс-шара соңында дәмді тағамдар ұсынылған «Тәтті дастархан» ұйымдастырылды. Сиқырлы атмосфераны «Қарды кім ұрлады?» атты ертегілік қойылым толықтырды.